

**ШЖҚ «Қалалық перзентхана» МҚҚ-ның  
жиналыш хаттамасы №5**

Шымкент қаласы

«13» желтоқсан 2024 жыл

**Жиналышқа қатысқан жұмыскерлер: тізім бойынша**

**Бас дәрігер: М.У.Кенжебаева**

**Комплаенс-офицер: Ә.Е. Зұлпықаров**

**Қатысқандар: перзентхана қызметкерлері  
Күн тәртібінде**

*«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулермен таныстыру»*

Тындалды:

Комплаенс-офицер Ә. Ержанулы:

Бүгінде сыйбайлас жемқорлық мәселесі қоғам мен еліміздің дамуының басты мәселесі болып табылады. Біз еліміздің әрбір азаматы еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосқанын қалаймыз. Сондықтан, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер құру біз үшін маңызды. Аталған мәдениетті дамытып, бюджет қаражаты мен мұлкін орынды пайдалансақ, біз қазіргіге қарағанда экономиканың дамуында үлкен нәтижеге қол жеткізер едік.

Біз «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулермен» түсіндіру және таныстыру мақсатында осы дөңгелек үстел мен семинарды өткізіп отырмыз.

Бүгін біз сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын, ұжым мен қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа жол бермейтін атмосфера қалыптастыру мүмкіндіктерін және жемқорлық құқықбұзушылық тудыратын жағдайды анықтап, жою мәселесін талқылайтын боламыз.

Сәйкесінше, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамды қалыптастыру жастарға азматтық тәрбие берудің негізгі бөлігі болуы тиіс және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып, өздерінің құқықтары мен қоғам алдындағы міндеттерін білу керек.

КР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 5 бабына сәйкес, жемқорлықтың алдын алу үшін ең алдымен, сыйбайлас

жемқорлыққа төзбейтін қоғам қалыптастыру. Аталған шараны жүзеге асыру құқықтық мәдениет деңгейін көтеріп, құқықтық тәрбие беруге байланысты.

*Ары қарай, ақпараттық материалдар таратылып, сұрақ қойып, пікір алmasуға мүмкіндік берілді.*

**Сонымен қатар, мекеменің бас дәрігері М.У.Кенжебаева сөз сөйлемді.:**

Осы тұста, бізде қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулермен танысып, сол шектеулерді ұстансаныздар. Елінің болашағына уайымдайтын және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінетін Қазақстан Республикасының әрбір азаматы елдегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалардың маңыздылығын түсінсе еken деймін.

Осындай біріккен шаралар арқылы мекеме қызметкерлерінің мәдениет пен патриоттық сезімін оятып, сыйбайлас жемқорлыққа төзбейтін атмосфера қалыптастыруға болады.

Бас дәрігер

Комплаенс-офицер



М.У.Кенжебаева

Ә.Е. Зұлпықаров